

«Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ  
Директорлар Кеңесі  
БЕКІТКЕН

2026 жылғы 01 маусымдағы No 19/26 хаттама

МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫН (ТИТУЛДЫҚ САҚТАНДЫРУДЫ)ТОҚТАТУ  
НӘТИЖЕСІНДЕ КЕЛТІРІЛГЕН ЗАЛАЛДАРДЫ ЕРІКТІ  
САҚТАНДЫРУ  
(ТИТУЛДЫ САҚТАНДЫРУ)  
**ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қ., 2026 ж.

## **МАЗМҰНЫ:**

1. Жалпы ережелер
2. Сақтандыру объектісі
3. Сақтандыру тәуекелдері
4. Сақтандыруға жатпайтын жағдайлар және сақтандыруды шектеу. Сақтандырушының сақтандыру төлемінен босату негіздері
5. Сақтандыру сомасын анықтау тәртібі. Франшиза
6. Сақтандыру сыйлықақыларын анықтау тәртібі
7. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі
8. Шарттың әрекет ету мерзімі және орны. Ұзарту
9. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
10. Сақтандыру төлемін жасау үшін қажетті құжаттар
11. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен ережесі
12. Суброгация
13. Шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар
14. Шартты тоқтату ережесі
15. Тараптардың жауапкершілігі
16. Дауларды шешу тәртібі
17. Қосымша ережелер

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Ережелерге сәйкес «Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ, бұдан әрі Сақтандырушы деп аталып, заңды тұлғамен немесе жеке тұлғамен меншік құқығын (титулдық сақтандыруды) тоқтату нәтижесінде келтірілген залалдарды ерікті сақтандыру (титулды сақтандыру) шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасады.
- 1.2. Осы Ережелер «жалпы сақтандыру» саласындағы «титулды сақтандыру» класына сәйкес дайындалды.
- 1.3. Шарт жылжымалы және жылжымайтын мүлікке меншік құқығы бар жеке (азаматтығына қарамастан) және заңды (меншік нысанына қарамастан) тұлғамен жасалады.
- 1.4. Осы Ережелерде келесі ұғымдар қолданылады:
  - 1) **Сақтандырушы** – «Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ
  - 2) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен Шарт жасасқан кәмелет жасқа толған жеке немесе заңды тұлға.
  - 3) **Сақтандырылушы** – мүлікке меншік құқығы бар тұлға.
  - 4) **Пайда алушы** – Шарт бойынша сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. Сақтанушы бір мезгілде Пайда алушы болып табылады. Шарт жасалатын мүлік кепілде болса, онда Пайда алушы ретінде кредиттік ұйым / Банк қатыса алады.
  - 5) **Кредиттік ұйым** – Сақтанушымен кредиттік шарт жасасқан және оған кепілдік қамтуға табысталатын мүлікке қатысты құқығы бар ұйым / Банк.
  - 6) **Сақтандыру сомасы** – Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасауға міндеттенетін мөлшердегі ақша сомасы. Сақтандыру сомасы сақтандыру қорғанысының әрекет ету мерзіміндегі сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі болып табылады.
  - 7) **Сақтандыру құны** – бұл Шарт ережелеріне сәйкес нарықтағы құнға немесе кепілдік құнға немесе өзге құнға қарап, анықталатын мүліктің құны.
  - 8) **Мүлік** – бұл осы Сақтандыру ережелерімен көзделмеген сақтандырылған Мүліктен басқа, меншік құқығын жою нәтижесінде шығын тәуекелін сақтандыратын жылжымалы немесе жылжымайтын мүлік. Мүліктің тізімі, атауы, сипаттамасы және сәйкестендіргіш деректері Шартта көрсетіледі.
  - 9) **Сақтандыру жағдайы** – Шартпен көзделген, орын алған кезде Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүргізу міндеті пайда болатын, оның орын алу ықтималдығы мен кездейсоқтық белгілері болатын оқиға;
  - 10) **Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым (бұдан әрі - ұйым)** - акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Ұлттық Банкке тиесілі коммерциялық емес ұйым. Ұйым “Сақтандыру қызметі туралы” Заңның және сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңдарының негізінде сақтандырудың міндетті және ерікті түрлері, қайта сақтандыру, бірлесіп сақтандыру, бірлескен қайта сақтандыру дерекқорын қалыптастырады және жүргізеді.
- 1.5. Сақтанушы Шарт жасасу кезінде Шарт бойынша сақтандыру төлемдерін алу үшін кез келген тұлғаны (Пайда алушыны) тағайындауға, сондай-ақ бұл туралы Сақтандырушыны жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру жағдайы басталғанға дейін, Пайда алушыны Шарт талаптары бойынша ауыстыруға тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, Пайда алушының жазбаша келісімінсіз оны өз қалауы бойынша ауыстыруға құқылы.
- 1.6. Пайда алушы Сақтанушымен жасалған келісімнен туындайтын, Шарт бойынша белгілі міндеттемелерді жасағаннан кейін, немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жасау бойынша талап қойғаннан кейін басқа тұлғаға ауыстырыла алмайды.

## **2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ**

- 2.1. Осы Ережелер бойынша сақтандыру Объектісі мүлікке деген меншік құқығын оны иеліктен шығаруды талап етуге, сонымен қатар сотпен сатып алу-сату, сыйға тарту, ауыстыру, мұраға қалдыру, жекешелендіру келісімі жарамсыз деп танылуға байланысты меншік құқығын жоғалту нәтижесінде мүлікті жоғалту тәуекеліне байланысты Сақтанушының мүліктік мүддесі болып табылады.
- 2.2. Осы Ережелер бойынша сақтандыру келесілерге таралмайды:
- ✓ ақша (соның ішінде шетелдік валюта) және құнды қағаздар;
  - ✓ қолжазбалар, жоспарлар, сызбалар, жобалар, шаблондар, үлгілер және өзге құжаттар, компьютерлік жүйелердің техникалық ақпарат тасымалдағыштар, слайдтар, фотосуреттер, аудио- және бейнежазбалар;
  - ✓ бағалы металлдар мен тастар;
  - ✓ өнер туындылары, суреттер, пошта маркалары, антикварлық заттар және т.с.с., олардың коллекциялары;
  - ✓ діни мәдениет заттары;
  - ✓ үй жануарлары, құстар, бөлме өсімдіктері, жүнді аңдар, басқа аңдар;
  - ✓ көлік құралдарының қосалқы бөлшектері;
  - ✓ компьютерлік деректер қоры.

## **3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ**

- 3.1. Осы Ережелерге сәйкес Сақтандыру шарты бойынша Қазақстан Республика-сының соты шығарған сот актісінің заңды күшіне ену негізінде мүлікке меншік құқығын жою (тоқтату) тәуекелі сақтандырылады.
- 3.2. Шартта аталған мүлікке меншік құқығының жойылуы осы Ережелерге сәйкес бір уақытта келесі жағдайлар сақталғанда сақтандыру жағдайы болып табылады:
- 1) Сақтанушы мүліктің адал ниетті сатып алушысы болып табылды;
  - 2) Мүлікке меншік құқығын жою (тоқтату) Қазақстан Республикасының сотымен шығарылған заңдылық күшіне енген сот актісі негізінде орын алды;
  - 3) Сот актісі Қазақстан Республикасының сотымен Сақтанушыны талапкердің талап арыздарын, дауларды бейбіт жолмен реттеу бойынша медиативті (бейбіт) келісім жасасу немесе басқа жосықтарды өткізу негізінде шығарылмаған;
  - 4) Сақтанушының меншік құқығын жою (тоқтату) және мүлікке меншік құқығының жаңа меншік иесіне ауысуы мемлекеттік органдармен тіркелген немесе осы деректі растайтын Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде көзделген басқа міндетті жосықтар өткізілді (нақты әрекеттер жасалған).
- 3.3. Сақтандыру тәуекелдерінің (сақтандыру жағдайларының) нақты тізімі тараптардың келісімімен Шартта көрсетіледі.

## **4. САҚТАНДЫРУҒА ЖАТПАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ**

- 4.1. Сақтандыру жағдайына келесілер жатпайды:
- 1) Меншік иесінің мүлікті иеліктен шығаруы;
  - 2) Меншік иесінің мүлікке деген меншік құқығынан бас тартуы;
  - 3) Мүліктің опат болуы, зақымдануы немесе жойылуы;
  - 4) Шартты жасасқан кезде қандай да бір ауыртпалықтардың болуы;
  - 5) Меншік иесінің міндеттемелері бойынша мүліктен өндіріп алу;

- 6) заңнамалық актілерге байланысты осы адамға тиесілі бола алмайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару;
  - 7) реквизициялар;
  - 8) тәркілеу;
  - 9) мемлекет мұқтажы мақсатында мемлекеттің мүлікті сатып алуы;
  - 10) иесіз мүлікті, мәдени немесе тарихи құндылықтарды сатып алу.
- 4.2. Сақтандыру шартында тараптардың келісімімен сақтандыруға жатпайтын жағдайлардың нақты тізімі көрсетілуі мүмкін.
- 4.3. Келесі жағдайлардың салдарынан меншік құқығын жою нәтижесінде мүлікті жоғалту сақтандыру жағдайына жатпайды:
- 1) Соғыс; басып кіру; шет мемлекеттің дұшпандық әрекеттері; әскери немесе соған ұқсас операциялар (соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан) немесе азаматтық соғыс;
  - 2) бүлік; ереуілдер; локауттар; халық көтерілісінің мөлшеріне ие болатын немесе оған дейін ұлғаятын азаматтық тәртіпсіздіктер; бүлік; азаматтық толқулар; әскери бүлік; революция; билікті әскери басып алу немесе тартып алу; тәркілеу; мүлікті реквизициялау немесе мемлекет меншігіне алу; қандай да бір террористік немесе тыйым салынған ұйымға тиесілі болуына қарамастан, адам немесе адамдар тобы жасаған терроризм актісі;
  - 3) радиоактивті сәулелену немесе радиоактивті отынмен немесе атомдық отынды жағудан радиоактивті қалдықтармен ластану;
  - 4) меншік құқығын қабылдау-тапсыру туралы келісімді жасаған кезде Сақтанушының (оның қызметкерлерінің) әділ емес, қате әрекеттері (құқығы жоқ тұлғаның қолы, заңнама талаптарын, ішкі құжаттардың талаптарын бұзумен жасалған келісімдер), уәкілетті орган қызметкерлерінің жылжымайтын мүлікпен жасалатын келісімдерді тіркеу кезінде, құрылыс компанияларының (олардың қызметкерлерінің) Сақтанушымен / Сақтандырылушымен үлестік қатысу шартын жасасқан кездегі қате әрекеттері;
  - 5) қажетті қорғаныс және шұғыл қажетті жағдайда жасалған әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына немесе оның орын алуына ықпал ететін Сақтанушының және (немесе) өзге мүдделі тұлғалардың, немесе олардың қызметкерлерінің қасақана әрекеттері;
  - 6) Сақтанушымен сақтандыру оқиғасына тікелей себепті байланыстағы қылмысты жасауы;
  - 7) Сақтанушының алкогольдік, уытты немесе есірткімен мастану күйінде, сонымен қатар ол өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмаған немесе оларды басқара алмаған күйдегі әрекеттері (әрекетсіздіктері);
  - 8) Сақтанушының тиісті дағдылар және арнайы рұқсаттарды талап ететін әрекеттері, егер соңғы аталған белгіленген құжаттармен расталмаса.
- 4.4. Осы Ережелер бойынша Сақтанушыға келтірілген тікелей мүліктік зиян ғана өтеуге жатады.
- 4.5. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандырушы келесілер үшін сақтандыру төлемін жасамайды:
- 1) Сақтанушының немесе үшінші тұлғаның жанама коммерциялық шығындары (айыппұл, тұрақсыздық айыбы және т.б.), жоғалтып алған пайда түріндегі шығындар;
  - 2) Моральдік зиян;
  - 3) Сот және сараптамалық шығындар.
- 4.6. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуы үшін келесілер негіз бола алады:
- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы жалған деректер хабарлауы;

- 2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайларының шығындарын азайту бойынша шараларды қасақана қабылдамауы;
- 3) Сақтанушының (Пайда алушының) сақтандыру жағдайынан келтірілген залалдың тиісті өтемін алуы;
- 4) Сақтанушының Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының орын алу мән-жайын зерттеуге және онымен келтірілген шығын мөлшерін белгілеуге кедергі келтіруі;
- 5) Сақтанушының Сақтандырушыға меншік құқығын даулау туралы азаматтық іске «Үшінші тұлға» ретінде қатысу құқығына кедергі келтіруі;
- 6) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы хабарламау/уақытылы хабарламау. Сақтандыру ережелерінде және (немесе) Шартта аталған мерзімде сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы Сақтандырушыға хабарлау дерегі Сақтандырушының сақтандыру төлемін (уәкілетті органға есептерді уақытылы және дұрыс ұсыну, сақтандыру төлемі үшін резервтік сомаларды уақытылы қалыптастыру, қайта сақтандырушыға хабарлау және т.б.) жасау міндетімен тікелей байланысты. Сәйкесінше Тараптар Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы туралы хабарламау/ уақытылы хабарламау соңғыны сақтандыру төлемін жасау мүмкіндігінен айыратындығын және бұл сақтандыру жағдайы орын алғанда қосымша дәлелді қажет етпейтіндігін түсінеді және растайды;
- 7) Сақтанушының сақтандыру жағдайы үшін жауапты тұлғадан талап ету құқығынан бас тартуы, сонымен қатар Сақтандырушыға талап ету құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемі жасалған болса Сақтандырушы оны толық немесе ішінара қайтарып алуға құқылы.

## **5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА**

- 5.1. Сақтандыру сомасы Шартта көрсетіледі және келесі мөлшерде белгіленуі мүмкін:
  - 1) мүліктің Шартты жасасқан күнгі сақтандыру құнымен;
  - 2) мүліктің Шартты жасасқан күнгі сақтандыру құнынан төмен;
- 5.2. Сақтандыру Сақтандыру сомасы Шарт жасалған күні ол орналасқан жерде сақтандыру жүргізілетін мүліктің сақтандыру құнынан (нақты құнынан) аспауға тиіс.
- 5.3. Егер Шарт бойынша сақтандыру сомасы мүліктің Шартты жасасқан күнгі сақтандыру сомасынан төмен болса, орын алған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері мүліктің сақтандыру құнына қатысты сақтандыру сомасына бара бар анықталады. Сақтандыру сомасының мүліктің сақтандыру құнына сәйкестігі бүкіл Шарт бойынша немесе жеке мүлік бойынша анықталады.
- 5.4. Сақтандыру шартында шартсыз франшиза белгіленуі мүмкін.
- 5.5. Франшизаның мөлшері тараптардың келісімімен белгіленеді және әр нақты жағдайы үшін жеке айтылады.

## **6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ**

- 6.1. Сақтандыру сыйлықақысы Шартпен белгіленеді және Сақтанушы Сақтандырушыға соңғы Шартпен анықталған сақтандыру төлемін жасау міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасын білдіреді.
- 6.2. Шарт бойынша төлеуге жататын Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісін және сақтандыру тәуекелінің сипатын ескерумен, сақтандыру сомасының бірлігінен алынатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін анықтаушы сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі. Тарифтер Сақтандырушының ішкі құжаттарымен анықталады.
- 6.3. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы шартта келісілген тараптардың келісімі бойынша толық немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлеуге тиіс.

## 7. ШАРТТЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

- 7.1. Шарт Сақтанушымен толтырылған, оның ажыратылмас бөлігі болып табылатын сақтандыруға өтініш негізінде жасалады. Сақтандырушы өтініш-сауалнаманың үлгісін өзгертуге құқылы. Өтініште Сақтанушы Сақтандырушының қойылған сұрақтарына сәйкес нақты және толық деректерді көрсетуге міндетті.
- 7.2. Шартты жасасқан кезде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу ықтималдығын және оның орын алуынан мүмкін болатын шығындар мөлшерін анықтау үшін маңызды болатын, Сақтанушыға белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті, егер бұл мән-жайлар Сақтандырушыға белгісіз болса және белгілі болмауы тиіс болса, соның ішінде келесі деректер:
- ✓ Мүлікке қатысты үшінші тұлғалардың шағымдары туралы;
  - ✓ оған қатысты талап арыз туралы.
- 7.3 Шартты жасасу туралы өтінішке Сақтанушы келесілерді тіркеуі тиіс:
- ✓ **Мүлікке құқық белгілейтін құжаттар** (меншік құқығы туралы куәлік, сатып алу – сату, сыйға тарту және т.б. туралы шарт; сот шешімі, сәйкес органның өкімі және т.б.),
  - ✓ **Мүліктің техникалық және эксплуатациялық күйі (сипаттамалары) туралы құжат** (жер телімінің жоспары және оның аумағында тұрған құрылыстардың жоспары, техникалық паспорт және т.б. – мүлік түріне байланысты),
  - ✓ **Сақтандыру мүлігіне құқықтың пайда болуы және ауысуы туралы құжаттар** (Шартты жасасқан күнгі меншік құқығын тіркеу туралы анықтама, меншік құқығын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік және т.б.).
- 7.4 Сақтандырушы Шартты жасасу үшін Сақтанушыдан сақтандыру тәуекелін сипаттайтын қосымша құжаттар мен ақпаратты талап етуі мүмкін.
- 7.5 Сақтанушы Сақтандырушының жазбаша сұрауларына жауаптарды қоса алғанда, шарт жасасу үшін берілген деректердің дұрыстығы мен толықтығы үшін жауап береді.
- 7.6 Сақтандырушы Шартты жасасу алдында келесіден тұратын, сақтандыру тәуекелін бағалау бойынша сақтандыру алдында зерттеу жасауға құқылы:
- ✓ Заңдық (құқықтық) зерттеу;
  - ✓ Сақтандыруға жататын мүлікке меншік құқығы туралы қосымша деректер алуға;
  - ✓ Сақтандыру жағдайының орын алу ықтималдығын ескеріп, алынған бүкіл ақпаратқа кешенді талдау жасау.
- 7.7 Сақтандыру зерттеуін жүргізген кезде Сақтандырушы жасайтын әрекеттердің тізімі Қосымшада аталған.
- 7.8 Шарт бойынша Сақтанушы Шартта аталған сыйлықақыны төлеуге, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алғанда сақтандыру сомасын төлеуге міндетті.

## 8 ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ. ҰЗARTY

- 8.1 Егер Шартпен өзгеше көзделмесе, Шарт 12 айлық мерзімге жасалады және сақтандыру сыйлықақысын төлеген күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді. Сақтандыру сыйлықақысының төленген күн болып Сақтандырушының банктік шотына немесе кассасына ақша түскен күн саналады.
- 8.2 Егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе, сақтандыру қорғанысының әрекет ету мерзімі Шарттың әрекет ету мерзімімен бірдей болады.
- 8.3 Егер Шартпен өзге жағдай айтылмаса, Шарт өз әрекетін Шартта Шарттың аяқталу күні ретінде аталған күні 24 сағатта 00 минутта немесе орын алған бірінші сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасағанда тоқтатады.
- 8.4 Сақтандырушы сақтандыру қорғанысының әрекет ету мерзімінде орын алған, сондай-ақ мүлікке қатысты талап сақтандыру қорғанысының әрекет ету мерзімінде жасалғанда, және Сақтандырушы ол туралы сақтандыру қорғанысының әрекет ету мерзімінде уақытылы хабардар болған жағдайда, сақтандыру қорғанысының әрекет

ету мерзімі аяқталғаннан кейін орын алған сақтандыру жағдайында да сақтандыру төлемін жасайды.

- 8.5 Осы Ережелерге сәйкес Шарттың әрекет ету орны (сақтандыру аумағы) – тек Шартта аталған аумаққа ғана таралады.
- 8.6 Егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе, онда тараптардың келісімімен Шарт тараптардың бірі Шарттың әрекеті тоқтайтын күнге дейін және сақтандыру сыйлықақысын төлеу күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн қалғанда хабарлаған жағдайда келесі мерзімге ұзартылуы мүмкін.

## **9 ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **9.1. Сақтандырушы құқылы:**

- 1) Сақтанушы (Сақтандырылушы) ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сонымен қатар Сақтанушының (Сақтандырылушының) Шарт талаптары мен ережелерінің орындағанын тексеруге;
- 2) сақтандыру тәуекелін бағалауға;
- 3) кез келген уақытта тәуекелдің туындауына ықпал ететін мән-жайлардың болуын тексеруге;
- 4) Сақтандыру жағдайының белгілері бар себептер мен оқиғаның мән-жайларын өздігінен анықтауға, соның ішінде сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне қарай сақтандыру жағдайының орын алу дерегін және келтірілген зиянның мөлшерін растаушы құжаттарды сұратуға;
- 5) Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) сақтандыру жағдайының дерегін, оның пайда болу мән-жайын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге;
- 6) Осы Ережелерде және Шартта көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жасаудан толық немесе ішінара бас тартуға;
- 7) Шартты мерзімінен бұрын тоқтатуға және Сақтанушының (Сақтандырылушының) Шарт ережелерін орындамауы нәтижесінде келтірілген шығындарды өтеуге;
- 8) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс қимыл туралы заңнаманы орындау мақсатында Шарт аясында ақшамен және (немесе) мүлікпен жүргізілетін операцияларды тоқтатуға\ бас тартуға.
- 9) осы Ережелермен немесе Шартпен немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген басқа әрекеттерді жасауға.

### **9.2. Сақтандырушы міндетті:**

- 1) Сақтанушыны осы Ережелермен таныстыруға және оның талабы бойынша осы Ережелердің көшірмесін ұсынуға (жіберуге);
- 2) Сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 3) Сақтанушыға осы Ережелерге және Сақтандыру шартының ережелеріне сәйкес сақтандыру төлемін жасауға немесе жасаудан жазбаша дәлелді бас тарту хатын жолдауға;
- 4) Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін олар жұмсаған шығындарды өтеуге;
- 5) Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе жәбірленуші (Пайда алушы) немесе олардың өкілі сақтандыру төлемін орындау үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, құжаттардың жетіспеу дерегі анықталған кезден бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға;
- 6) Осы Ережелерде немесе Сақтандыру шартында немесе Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасауға.

### **9.3. Сақтанушы құқылы:**

- 1) Сақтандырушыдан осы Ережелер мен Шарт бойынша сақтандыру жағдайларын, өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;



- 2) Шарттың түпнұсқасын жоғалтқан жағдайда оның телнұсқасын алуға;
- 3) Сақтандыру құпиясына;
- 4) Шартты мерзімінен бұрын бұзуға;
- 5) Сақтандыру сыйлықақысының өзгеруіне мөлшерлес сақтандыру тәуекелін өзгертуге;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуын немесе оның мөлшерін азайтуын даулауға;
- 7) Осы Ережелерде немесе Шартпен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген басқа әрекеттерді жасауға.

#### **9.4. Сақтанушы міндетті:**

- 1) Шарт жасасқан кезде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және Сақтандырушымен Шарт жасасу туралы шешімді қабылдау үшін маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;
- 2) Шарт жасалған кезде және қолданылу кезеңінде Сақтандырушыға осы сақтандыру объектісіне қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша қолданыстағы / жасалатын барлық Сақтандыру шарттары туралы хабарлауға;
- 3) Шартпен белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 4) Шарттың әрекет ету мерзімінде, оған сақтандыру тәуекелінің жағдайындағы өзгерістер туралы белгілі болған кезден бастап шұғыл, бірақ 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмей Сақтандырушыға хабарлауға;
- 5) Сақтандыру жағдайынан болған шығындардың алдын алу немесе азайту бойынша шаралар қабылдауға;
- 6) Егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алуына байланысты Сақтандырушының да, Сақтанушының да мүддесін қорғау үшін өз өкілін тағайындау қажет деп санаса – Сақтандырушының атаған тұлғаларына осындай мүддені қорғау үшін қажетті сенімхат немесе өзге қажетті құжаттар беруге;
- 7) егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса және Шарт Сақтандырылушыға белгілі міндеттерді артса Сақтандырылушыдан шарт жасау үшін келісімін алуға,;
- 8) Шарт ережелерін орындауға (Сақтандыру шартының ережелерін Сақтандырылушылардың бұзуы Сақтандыру шартының ережелерін Сақтанушының өзі бұзған деп есептеледі);
- 9) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы Ережелермен және Шартпен белгіленген мерзімде хабарлауға;
- 10) Тәуекел дәрежесі артқан кезде Сақтанушы Сақтандырушыдан Шартқа өзгерістер енгізу және /немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеу туралы хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Шартқа өзгерістер енгізуге және/немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 11) Сақтандыру жағдайынан болған шығындардың алдын алу немесе азайту бойынша шаралар қабылдауға;
- 12) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген шығынның сипаты мен мөлшері туралы талқылауға мүмкіндік беретін, ондағы бар ақпаратты ұсынуға;
- 13) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алғаны үшін жауапты тұлғадан талап ету құқығының ауысуын қамтамасыз етуге;
- 14) Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамасындағы талаптарды орындау үшін қажетті барлық сұралған құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
- 15) Осы Ережелермен немесе Шартпен және Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамасымен көзделген басқа әрекеттерді жасауға.

#### **9.5. Пайда алушы құқылы:**

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру талаптарын, осы Ережелер мен Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
  - 2) Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап қоюға;
  - 3) Сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Ережелерде және Шартта көзделген тәртіппен және шарттарда сақтандыру төлемін алуға;
  - 4) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дау айтуға;
  - 5) осы Ережелерде немесе Шартта немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасауға.
- 9.6. Осы бөлім тараптарының құқықтары мен міндеттерінің тізбесі толық болып табылмайды, Тараптардың жекелеген міндеттері осы Ережелердің басқа бөлімдерінде көзделген және Шартта толықтырылуы/кеңейтілуі/қысқартылуы / өзгертілуі мүмкін.

## **10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖАСАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ ҚАРАУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР**

- 10.1. Сақтандыру төлемі туралы мәселені қарау үшін Пайда алушы Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:
- 1) Сақтандыру төлемін жасау туралы өтініш;
  - 2) Шарттың көшірмесін;
  - 3) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алғаны туралы мәлімдеме;
  - 4) құқық беруші құжаттар, соның ішінде: сатып алу-сату шарты, мүліктің құнын төлеу туралы төлем құжаттары;
  - 5) Мүліктің сәйкестендіру құжаттары, соның ішінде: меншік құқығы туралы куәлік, Сақтанушыда мүлік бар екендігі (тіркелген) туралы анықтама;
  - 6) Сақтанушы және меншік құқығын даулаушы тұлға арасындағы сотқа дейінгі хат алмасу;
  - 7) Барлық қосымшалары, толықтырулары және өзгерістері бар талап арыз;
  - 8) Сақтанушының мүлікке меншік құқығын тоқтату дерегін анықтайтын, заңды күшіне енген Қазақстан Республикасының сот актісі;
  - 9) Сақтанушының мүлікке меншік құқығы тоқтағанын растайтын құжат – уәкілетті мемлекеттік органның анықтамасы, меншік құқығы туралы куәлік және т.б.
  - 10) Сақтанушыдан жаңа меншік иесіне мүлікті нақты иелену және пайдалануды ауыстыруды растайтын құжаттар;
  - 11) Сақтандыру жағдайының орын алу дерегін растайтын және Сақтандырушымен сақтандыру төлемі туралы шешімді қабылдау үшін қажетті өзге құжаттар.
- 10.2. Қажет болса сақтандыру жағдайының орын алу мән-жайлары туралы ақпаратты білетін, сонымен қатар сақтандыру оқиғасының себептері мен мән-жайын өздігінен анықтауға құқылы, Сақтандырушы сақтандыру жағдайына байланысты құжаттар мен деректерді сұратуға құқылы.

## **11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖАСАУ ТӘРТІБІ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІ**

- 11.1. Сақтандырушы шарт бойынша нақты залал мөлшерінде, бірақ сақтандыру сомасынан артық емес көлемде жауапты болады.
- 11.2. Сақтандыру жағдайларын қарау тәртібі Сақтандырушы, Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) мен дерекқорын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым арасында электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу арқылы жазбаша нысанда да, электрондық нысанда да жүзеге асырылады.

- 11.3. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мен Сақтандырушы, Сақтандырушы мен Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) арасындағы электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.
- 11.4. Сақтандыру төлемі Сақтандырушымен Сақтанушының сақтандыру төлемін жасау туралы жазбаша өтініші және Сақтанушының ұсынған құжаттары негізінде жасалады.
- 11.5. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайы орын алғанда шартсыз франшизаны шегергеннен кейін және осы Ережелердің 4-тарауында көзделген сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту үшін негіз болмағанда жасалады. Егер шығын шартсыз франшиза сомасынан аспаса Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаудан босатылады. Егер шығын шартсыз франшизаның сомасынан асса онда сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау кезінде шығын сомасынан шартсыз франшизаның мөлшері шегеріледі.
- 11.6. Егер сақтандыру сомасы Шартты жасасқан күнгі мүліктің сақтандыру құнынан аз болса, онда сақтандыру төлемі Шартты жасасқан күнгі мүліктің сақтандыру құнына қатысты сақтандыру сомасына барабар жасалады.
- 11.7. Егер Шартпен өзгеше көзделмесе, бірінші рет орын алған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жасалғаннан кейін Шарт тоқтатылады.
- 11.8. Егер сақтандыру төлемі нәтижесінде күшін жойған төменгі соттың сот актісін жоғарғы сатылы сотпен қайта қарауға дейін орындалған болса, онда сақтандыру төлемі Пайда алушымен Сақтандырушыға жоғарғы сатылы сот актісі күшіне енген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде қайтаруы тиіс.
- 11.9. Сақтандырушы мәлімденген сақтандыру оқиғасы бойынша қажетті құжаттарды алғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күн ішінде сақтандыру төлемін жасау немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы сәйкес шешім қабылдайды. Егер Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тартуды жазбаша түрде негіздеп дәлелдейді.
- 11.10. Мәлімденген оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тану туралы шешім қабылдаған кезде Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлем жасау туралы шешім қабылдағаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күннен кешіктірмей, немесе тараптардың келісімімен белгіленген мерзімде жасайды. Сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтау мақсатында сақтандыру төлемінің мерзімі тоқтатылуы мүмкін.
- 11.11. Егер құқық қорғау органдарымен Сақтанушының мүлігіне меншік құқығына байланысты қылмыстық іс қозғалса, және ол бойынша мүлікке қатысты мән-жайларды зерттеу жасалып жатса, Сақтанушының (Пайда алушының) қылмысты жасауға қатысы дәлелденбеген кезде анықтау немесе алдын ала тергеу кезінде қылмыстық істі 6 (алты) айға дейін тоқтатуға, Сақтанушыға (Пайда алушыға) ақтаушы үкім шығаруға дейін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына сәйкес Сақтанушының (Пайда алушының) әрекеттерінде құқыққа қарсы әрекеттің жоқтығын көрсететін басқа мән-жайлар орын алғанға дейін Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасау туралы шешімді қабылдауды кейінге қалдыруға құқылы, егер аталған әрекеттер сақтандыру жағдайының орын алуын туғызған мән-жайларға байланысты болса.
- 11.12. Сақтандыру төлемін кейінге қалдыру жоғарғы сатылы соттармен төменгі сатылы сот актісін қайта қарау кезінде, сондай-ақ ақпаратты немесе құжаттарды алу туралы сұрау салуларды құқық қорғау органдарына, банктерге және сақтандыру жағдайының басталу мән-жайлары туралы ақпаратты иеленетін басқа да ұйымдарға жіберген кезде де орын алады.
- 11.13. Сақтандырушы - жеке тұлғалардың ерікті сақтандыру шарттары бойынша құжаттарды қарау және сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімі Сақтанушыға барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.

- 11.14. Егер сақтандыру төлемін белгіленген мерзімде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда, ұсынылған құжаттарға қосымша мәліметтер немесе деректер қажет болған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мерзімін ұзарту қажеттілігінің себептерін түсіндіріп, сақтанушыны - жеке тұлғаны (Сақтандырылған, Бенефициар) хабардар етуге тиіс. Бұл ретте сақтандырушы - жеке тұлғалардың ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемі бойынша құжаттарды қараудың соңғы мерзімі өткен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.
- 11.15. Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген залалдың мөлшерін растау үшін ұсынған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша Сақтандырушы мынадай әрекеттердің бірін жүзеге асырады:
- 1) сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
  - 2) сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады
  - 3) сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.
- 11.16. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырады немесе осы Ережелерде көрсетілген шарттарда тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады.
- 11.17. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімі, егер ұсынылған құжаттардан болған оқиғаның мән-жайын, осындай оқиғаның басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін, Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) өз міндеттемелерін орындауын анықтау мүмкін болмаған жағдайда қабылданады.
- 11.18. Өз кезегінде Сақтандырушының шешімінде көрсетілген мән-жайларды анықтау мүмкін еместігі Сақтандырушыға сақтандыру Ережелерінің нормаларын, Сақтандыру шартының талаптарын/осы Ережелерге қосымшаларды ескере отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыру не жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдауға мүмкіндік бермейді.
- 11.19. Бұл жағдайда Сақтандырушы өз шешімінде болған оқиғаның нақты қандай мән-жайларын және/немесе осындай оқиғаның басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін, Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) өз міндеттемелерін орындау фактілерін белгілеуге болмайды және Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) қандай іс-әрекеттер жасауы тиіс екенін көрсетуге тиіс.

## **12. СУБРОГАЦИЯ**

- 12.1. Сақтандыру төлемін жасайтын Сақтандырушыға Сақтанушы сақтандыру нәтижесінде өтелген шығындар үшін жауапты тұлғадан талап етуге құқығы төленген сома мөлшерінде ауысады.
- 12.2. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған Сақтандырушының өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
- 12.3. Сақтандырушыға өткен талап ету құқығы Сақтандырушының қалауымен, тіпті бұл Шартта тікелей белгіленбесе де жүзеге асырылады.
- 12.4. Егер Сақтанушы Сақтандырушы өтеген шығындар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартса немесе Сақтанушының кінәсінен осы құқықты жүзеге асыру мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігін жасаудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

## **13. ШАРТҚА ЕНГІЗІЛЕТІН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

- 13.1 Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу тараптардың өзара келісімімен, Тараптардың бірімен жазбаша мәлімдеме (хабарлама) беру негізінде жасалады.

- 13.2 Шарт талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары:  
сақтандыру объектісін өзгерту;
- сақтандыру шартын жасасу кезінде берілген мәліметтерді өзгерту;
  - сақтандыру қорғаудың қолданылу мерзімін өзгерту
  - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де жағдайлар.
- 13.3 Тараптардың бірі мәлімдеме алған кезден бастап шешім қабылдау кезіне дейін Шарт бұрынғы ережелерге сәйкес әрекет етеді.
- 13.4 Осы Ережелерге сәйкес жасалатын Шартқа жасалатын өзгерістер мен толықтырулар Шартқа қосымша келісім жасау және оған қол қою жолымен рәсімделеді.
- 13.5 Шартқа жасалатын барлық өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша түрде рәсімделгенде және екі Тараптың да уәкілетті өкілдері қосымша келісімге қол қойған кезде заңдылық күшке ие болады.

#### **14. ШАРТТЫ ТОҚТАТУ ЕРЕЖЕСІ**

- 14.1. Міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген Шартты мерзімінен бұрын тоқтату негіздерден басқа кезде Шарт келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:
- 1) Сақтандырушымен бірінші орын алған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жасалса. Егер бұл Шартпен тікелей айтылмаса, ол Сақтандырушы Шарт бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жасаған кезде;
  - 2) Шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғанда;
  - 3) Сотпен Шартты жарамсыз деп тану туралы шешім қабылданса;
  - 4) Сақтанушының бастамасымен Шарттан бас тартылса;
  - 5) Сақтандырушының бастамасымен Шарттан бас тартылса;
  - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Шартпен белгіленген жағдайларда.
- 14.2. Осы Ережелердің 14.1-тармағының 1) – 4) тармақшаларында аталған негіздер бойынша Шартты тоқтатқан жағдайда Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылуға жатпайды, егер Шартта өзгеше көзделмесе.
- 14.3. Осы Ережелердің 14.1-тармағының 5) – 6) тармақшаларында аталған негіздер бойынша Шартты тоқтатқан жағдайда Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылуға жатады: Сақтандырушыға Шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы өтініш берген күннен бастап өтпеген мерзім үшін қалған сақтандыру сыйлықақысының бөлігі, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқа жағдай көзделмесе. Сақтандырудың өтпеген мерзімі үшін сақтандыру сыйлықақысының бөлігін қайтару тәртібі мен мерзімі Шартта көрсетіледі. Сақтанушы-жеке тұлға Сақтандыру шартынан бас тартқан кезде, ол жасалған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде Сақтандырушы алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін шегергенде сақтандыру қолданылған уақытқа және сақтандыру шартын бұзуға байланысты алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) он пайызынан аспайтын шығындарға барабар көлемде Сақтанушы-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.
- 14.4. Сақтандырушы-жеке тұлға сақтандыру келісімшартынан бас тартса, оның жасалған күнінен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде, сақтандырушы сақтандырушы-жеке тұлғаға сақтандыру жарнасының (сақтандыру жарналары) бір бөлігін алып тастаған сақтандыру жарнасын (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін, сондай-ақ сақтандыру келісімшартын тоқтатуға байланысты шығындарды (алынған) сақтандыру мерзімінің он пайызынан аспайтын шығындарды қайтаруға міндетті сақтандыру жарналары (сақтандыру жарналары).

- 14.5. Егер сақтандырушы – жеке тұлға осы тармақтың екінші бөлімінде көрсетілген мерзімде несие келісіміне қатысты сақтандыру келісімінен бас тартса, несие беруші осы келісім бойынша пайыздық мөлшерлемеге және (немесе) оған қатысты комиссияға қатысты шарттарды қайта қарауға құқылы. Шолу нәтижелеріне негізделген несие келісімі бойынша пайыздық мөлшерлеменің (комиссиялық сома) мөлшері сақтандыру шарты болмаса, несие келісімі жасалған күні күшінде болатын пайыздық мөлшерлемеден (комиссия) аспауы тиіс.
- 14.6. Егер жеке сақтандырушы несие келісіміне қатысты сақтандыру келісімінен бас тартса, оның (қарыз алушың) несие беру шарты бойынша міндеттемелерін орындауы нәтижесінде жеке сақтандырушы жеке сақтандырушыға бес жұмыс күні ішінде алған сақтандыру жарнасын (сақтандыру премияларының) бір бөлігін (сақтандыру жарналары) алып тастау туралы өтініш алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтаруы тиіс сақтандыру күшінде болған уақыт және сақтандыру келісімшартын тоқтатуға байланысты шығындар, алынған сақтандыру жарнасының (сақтандыру жарналары) он пайызынан аспайтын шығындар.

## **15. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

- 15.1. Сақтандыру төлемін уақытылы жасамаған жағдайда Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабымен белгіленген тәртіпте және мөлшерде Пайда алушыға тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 15.2. Шарт бойынша міндеттемені орындамаған немесе тиісті орындамаған Тарап міндеттемелерді орындамағаны/тиісті орындамағаны үшін мүліктік жауапкершілік артпайды, егер тиісті орындау еңсерілмейтін күш жағдайының, яғни төтенше және еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдарынан мүмкін болмағанын дәлелдесе.
- 15.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары келесілерден тұрады, бірақ олармен шектелмейді: су тасқыны, өрт, жер сілкінісі және басқа сұрапыл апаттар, соғыстар немесе кез келген сипаттағы әскери әрекеттер, блокадалар, мемлекеттік органдардың тыйымы. Форс-мажорлық жағдайлардың нақты тізімі Шартта қарастырылуы мүмкін.
- 15.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына тап болған тарап осындай жағдайлардың орын алғаны туралы басқа тарапқа 3 (үш) жұмыс күн ішінде хабарлауға міндетті, егер Шартта өзге жағдай көзделмесе.
- 15.5. Еңсерілмейтін күш мән-жайлардың әсері құзыретті органдардың сәйкес құжаттарымен расталуы тиіс.
- 15.6. Осы бөлімде көзелген тараптардың жауапкершілігі Шарттың ережелеріне сәйкес өзгертілуі (толықтырылуы) мүмкін.

## **16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

- 16.1. Шарттан немесе оған байланысты туындайтын кез келген даулар және/немесе келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі
- 16.2. Даулар туындаған кезде Тараптар дауды реттеудің сотқа дейінгі мынадай тәртібін сақтауға міндетті:
- дау туындаған жағдайда Тарап екінші Тарапқа жазбаша шағыммен жүгінуге және талапқа жауап алуға міндетті. Егер Тарап шағымда баяндалған талаптарды қанағаттандырудан бас тартса немесе талап алынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде шағымға жазбаша жауап бермесе немесе шағымды ішінара немесе толық мойындағанын куәландыратын әрекеттер жасамаса, Тарап сақтандыру омбудсманына дауды шешу туралы өтінішпен жүгінеді. Сақтандыру омбудсманының дауды мәні бойынша шешуі дауды реттеудің сотқа дейінгі кезеңін сақтаудың міндетті

кезеңі болып табылады. Бұл ретте Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) үшін сақтандыру омбудсменінің шешімін орындау міндетті емес.

–сақтандыру төлемінің мөлшеріне дауласуға қатысты дау туындаған жағдайда Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру төлемінің дауланбайтын бөлігін алуға міндетті, содан кейін осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген әрекеттерді жасайды.

16.3 Келісімге қол жеткізілмеген және дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу мүмкін болмаған кезде тараптар Алматы қаласы Медеу ауданының сотына (егер даудың бір тарабы жеке тұлға болса немесе) немесе Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына (егер дау заңды тұлғалар немесе дара кәсіпкерлер арасында болса) талап-арызбен жүгінеді, яғни шарттық соттылық белгіленеді.

16.4 Осы Сақтандыру ережелері мемлекеттік және орыс тілдерінде 2 (екі) данада жасалды және оған қол қойылды. Мемлекеттік тілде жасалған осы Ережелер мәтінінің мазмұны орыс тілінде жасалған осы Ережелер мәтінінің мазмұнына сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, Тараптар орыс тілінде жасалған Осы Ережелер мәтініне сүйенеді.

## **17. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР**

17.1. Осы Ережелермен айтылмағанның бәрі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

17.2. Тараптардың келісімімен жасалатын Шартқа ерекше талаптар қосылуы мүмкін (сақтандыру түсініктері, анықтамалар, ерекшеліктер және т.с.с.), егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе.